

ISSN 2706-8293

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

Баишев университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Баишев университета

2023

№ 2 (80)

БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы

ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА
научный журнал

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген,
куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан,
свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца
2000 жылдан бастап шығады / Издается с 2000 года

№ 2 (80)
июнь 2023

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

БАС РЕДАКТОР ГЛАВНЫЙ
РЕДАКТОР

Ахан Б.А.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМ.

ГЛАВНОГО

РЕДАКТОРА

Лыгина О.И.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДКОЛЛЕГИЯ

Абрахам Алтонаян
(Великобритания)

Асаров А.А., Бияшев Б.Г.,
Жанпейсова Н.М. (Қазақстан)

Камаруль Хавари (Малайзия)

Корченко А.Г. (Украина)

Ли Дзень Хун (КНР)

Асадуллин Р.М. (Россия)

Мухитдин Бин Исмаил
(Малайзия) Султангареева Р.А.
(Россия)

Тяпухин А.П. (Россия)

Терегулов Ф.Ш. (Россия)

Кереев Я.М. (Қазақстан)

Махамбетова У.К. (Қазақстан)

Калденова Г.С.

(Қазақстан)

Бисенғалиева Г.М. (отв.
секретарь)

Адрес редакции:

г.Актобе, ул.Бр.Жубановых д.302
«А»

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Асқаров Т.А. 4

ОБУЧЕНИЕ ШКОЛЬНИКОВ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКОЙ
СИСТЕМЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Ергаламова А. Б. 7

ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ
АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ
СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Менбаев Е.Н. 11

ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ
ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ ЖОБАЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ОҚУ ӘЛЕУЕТІ

Пилипенко Е.Н., Қонақбай А. 15

CHARACTERISTICS OF A TRANSLATOR FUNCTIONAL
COMPETENCIES' TYPES IN MODERN CONDITIONS

Сабинова Н.Ж., Халымбек А. 22

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР

Узыкова Р.Б. 28

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МОНОЛОГТЫҚ
СӨЗІН АЙТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Базарбаев С.А., Бисенов Ж.С., Жанатов Ж.Ж. 33

К ВОПРОСУ О ЦИФРОВИЗАЦИИ БИЗНЕС
ПРОЦЕССОВ В НЕФТЕГАЗОДОБЫВАЮЩИХ
ПРЕДПРИЯТИЯ

| | | |
|--|---|----|
| для писем: 030000 г. Актобе, а/я 64 e-mail: vestnik@bu.edu.kz тел.:8(7132) 974083 | Нагметулла М., Назарбаева К., Досов С. | 37 |
| | ОРГАНИЗАЦИЯ БИЗНЕС-ПРОЦЕССА ЗАКУПОК В ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ (НА ПРИМЕРЕ АО «СНПС-АКТОБЕМУНАЙГАЗ») | |
| Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала мазмұнына авторлар жауап береді. | Шырақбай Г.С. | 42 |
| Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения редакции. Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов. Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». | ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДИВИДЕНТТІК САЯСАТ ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ | |
| Сдано в набор 20.06.2023 г. Подписано в печать 20.06.2023г. Формат 21x29,7. Печ.л.5,3 Тираж 100 экз. | Джумабаев М. Д., Муханбедиярова Б. Ж., Шлапак Е. Ю. | 45 |
| Отпечатано в РИО Баишев Университета | МИНЕРАЛДЫ ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ ЗАТТЕКТІҢ ҚҰРАМЫ | |
| | Қуанышкалиева А.Ж., Насипкалиева А.Т., Сұлтамұрат Г.И., Баймаганбетов А.Е. | 47 |
| | МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМАСЫ | |
| | Сундетова А. Р., Нұрғазы Л. Қ., Тажиева Г.Н., Имангазина Н.А., Таванова Н. М. | 50 |
| | ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ | |
| | Тажиева Г.Н., Сундетова А. Р., Нұрғазы Л. Қ., Имангазина Н.А., Таванова Н. М. | 54 |
| | ЖОО-Ң АҚПАРАТТЫҚ ОҚЫТУ ОРТАСЫ – КӨПКOMPONENTTІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ | |
| | ӘЛЕУМЕТТІК –ҚҰҚЫҚТЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ НАУКИ | |
| | Сактаганова Х., Досым Ж., Жайғалиева М. | 62 |
| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР | |
| | Телибекова И.М., Избасарова М., Алдабергенова Т. | 65 |
| | ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН | |
| | Телибекова И. М. | 72 |
| | О НЕОБХОДИМОСТИ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО СТРАХОВАНИЯ ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЯ РАБОТНИКОВ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН | |

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 14.25.09

Асқаров Т.А.

Баишев Университет, г. Ақтобе, Республика Казахстан

**ОБУЧЕНИЕ ШКОЛЬНИКОВ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ ИНОСТРАННОГО
ЯЗЫКА**

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития речи школьников посредством использования фразеологических единиц. Автор обосновывает необходимость формирования фразеологической системы иностранного языка. Обзор научно-методической литературы доказывает актуальность проблемы развития речи школьников посредством использования в практике преподавания иностранного языка фразеологических единиц, шире - фразеологической системы.

Ключевые слова: фразеологизмы, фразеологическая единица, фразеологическая система.

Один из самых востребованных разделов в практике обучения иностранному языку продолжает занимать фразеологическая система. Одной из причин является необходимость качественного освоения последнего самого высокого языкового уровня, а именно уровня текста, поскольку только на уровне текста смысловое содержание может усложняться за счет включения фразеологических элементов/единиц.

Известно, что обучение должно осуществляться не просто фразеологическим единицам, как принято в большинстве работ, а правильнее, фразеологической системе, так как фразеологический состав иностранного языка - это совокупность определенного числа фразеологических единиц. Фразеологический состав иностранного языка представляет собой четко организованную фразеологическую систему, где каждый фразеологизм как составляющая фразеологическая единица имеет свое место в структуре данной системы, в которой каждый из них связан между собой определенными отношениями. Их соотношение в системе зависит от характера связей каждого фразеологизма с другими фразеологическими единицами/группами фразеологических единиц.

Опросы учителей иностранного языка свидетельствуют о том, что обучающиеся школ недостаточно используют в устной/письменной иноязычной речи фразеологические слова/обороты. Таким образом, общая культура иноязычной речи снижается, в том числе по причине утраты потенциального понимания, узнавания и употребления в собственной устной/письменной речи слов/оборотов, составляющих фразеологическую систему языка. Причина данной утраты также заключается в учебниках по английскому, в которых фразеологическая система представлена крайне ситуативно, поскольку оказывается сложным соотнести с каждой новой темой урока. Для этого необходимо разработать систему методов, в том числе систему заданий для работы над фразеологизмами с опорой на преимущество в формировании у школьников фразеологической системы английского языка с 5 по 11 класс. Между тем именно начальная школа (2-4 класс) закладывает первоначальный (пропедевтический) этап обучения фразеологической системе иностранного языка.

Неслучайно М.А. Хлопотина в своей статье «Дидактический потенциал фразеологических единиц на уроке английского языка» (2020) раскрывает «потенциал» и

обосновывает причины проявления «некоторой отчужденности» в использовании в практике преподавания фразеологических единиц, в связи с которой учащиеся испытывают сложность их понимания и воспроизведения в устной/письменной иноязычной речи. Более того, как указывает М.А. Хлопотина, в методике преподавания английского языка до сих пор не разработаны в достаточной мере научные основы для «отбора фразеологизмов и способы их репрезентации» на уроках иностранного языка [1].

О необходимости разработки методических основ утверждают и казахстанские исследователи, о чем, в частности, свидетельствует работа З.Р. Ибраевой, К.Н. Булатбаевой, Г.Ж. Фахрутдиновой «Владение иноязычными фразеологическими средствами как признак функциональной грамотности» (2021) [2]. Авторы на основе анализа проведенной ими работы в результате обобщения данных анкеты «Фразеологизмы английского языка», авторская разработка», состоящей из 30 вопросов, пришли к выводу о том, что «... в начальной школе отбор фразеологического материала не ставится как методическая задача».

В процессе устной/письменной коммуникации активизируется такой редкий пласт лексики, как фразеологическая система. Более того, в научной литературе данная фразеологическая система также предстает реже других пластов лексики в качестве объекта исследования, поскольку каждый язык, в том числе английский, в процессе обучения которому воспринимает значительное количество иностранных слов, тем самым увеличивая его количественный и качественный состав.

Анализ методических работ указывает на разные способы организации работы по формированию фразеологической системы. Но, как показывает анализ практики, такие способы одноаспектны, поскольку обращены только к отдельным структурным составляющим фразеологической системы.

Опыт методики обучения иностранному языку показывает, что наиболее эффективной является такая работа по формированию фразеологической системы, которая основывается на последовательном развитии следующих навыков, например: навык самостоятельного поиска сведений о конкретной фразеологической единице из определенного списка, в котором представлен перечень фразеологических единиц, составляющих в совокупности фразеологическую систему иностранного языка. Таким образом, происходит увеличение активного и пассивного запаса изучаемых фразеологических единиц каждым учеником. При этом каждый ученик имеет свой перечень, тем самым объем общего фразеологического запаса складывается из объема запаса каждого из участников учебного процесса.

Эти системные отношения между фразеологическими единицами наглядно раскрываются в процессе дифференциации фразеологических единиц по семантико-тематическим группам. Основанием для такой дифференциации является наличие общего, интегрирующего элемента между индивидуальными значениями отдельных фразеологических единиц. Таким образом, критерием отношений фразеологических единиц между собой во фразеологической системе является степень их близости семантических значений.

Опыт подбора таких семантико-тематических групп фразеологических единиц в методике преподавания английского языка имеется значительный, о чем свидетельствует ряд публикаций: С.Э. Эркинов «Семантико-тематический принцип изучения профессионализмов в английском языке (по данным лексики и фразеологии военной сферы)» (2010) [3], А.А. Фокина «Семантика фразеологизмов тематической группы «мыслительная деятельность человека» (на материале русского, марийского и английского языков)» (2014) [4], О.В. Колесникова «Лингвокультурологическое описание фразеологизмов тематической группы «Социальные действия человека» (2016) [5], Н.Б. Швелидзе «Русско-английские соответствия фразеологизмов тематической группы «Нравственные (моральные) качества» (2017) [6] и другие.

Как показывает анализ вышеуказанных работ, авторы выявляют сначала общее семантическое значение, что содержится во фразеологических единицах, затем объединяют данные фразеологические единицы в определенные семантико-тематические группы. Следующим этапом является объединение данных семантико-тематических групп в более укрупненные группы - группы с более общим значением. Как видно, дифференциация носит многоступенчатый характер: все зависит от ступени абстракции (от низкой ступени к высокой ступени абстракции). Причем на низкой ступени фразеологизмы могут быть по значению антонимичными, тогда как на высокой ступени они могут стать синонимичными по семантическому признаку.

Е.Г. Кальянезу в статье «Определение роли фразеологических единиц с компонентом «еда» в системе фразеологических единиц английского языка» (2017) использует семантико-тематическую группу «еда» для развития навыков иноязычной устной и письменной речи обучающихся. Данная группа, несомненно, должна раскрыть духовное богатство и традиции народа [7].

Статья Е.В. Брагиной «Система ценностных ориентиров и ее отражение в английских фразеологических единицах с компонентом «man» (2019) свидетельствует о том, что семантико-тематическая группа может быть настолько крупной (многочисленной) и многогранной, что такие группы следует рассматривать в старших классах. Таким образом, при подборе семантико-тематических групп необходимо руководствоваться дидактическим принципом доступности [8].

А.И. Фильчакова и С.Е. Тупикова «Роль репрезентативной системы личности ученика в процессе обучения англоязычным фразеологизмам» (2020) предлагает в качестве метода работы использовать такие задания, как: 1) задания, предполагающие введение и первичное закрепление фразеологизмов; 2) Задания, помогающие разобраться с формой и значением фразеологизмов, а также со спецификой их написания [9].

Таким образом, обзор научно-методической литературы доказывает актуальность проблемы развития речи школьников посредством использования в практике преподавания иностранного языка фразеологических единиц, шире - фразеологической системы.

Список использованной литературы

1. Хлопотина М.А. [Дидактический потенциал фразеологических единиц на уроке английского языка](#) / Фундаментальные основы инновационного развития науки и образования. Сборник статей VII Международной научно-практической конференции. Пенза, 2020. С. 147-149.
2. Ибраева З.Р., Булатбаева К.Н., Фахрутдинова Г.Ж. [Владение иноязычными фразеологическими средствами как признак функциональной грамотности говорящего](#) / Педагогическое образование: новые вызовы и цели. VII Международный форум по педагогическому образованию: сборник научных трудов. Казань, 2021. С. 170-180.
3. Эркинов С.Э. [Семантико-тематический принцип изучения профессионализмов в английском языке \(по данным лексики и фразеологии военной сферы\)](#) // [Вестник Челябинского государственного педагогического университета](#). 2011. № 5. С. 337-347.
4. Фокина А.А. [Семантика фразеологизмов тематической группы "мыслительная деятельность человека" \(на материале русского, марийского и английского языков\)](#) // [Вестник Марийского государственного университета](#). 2014. № 1 (13). С. 162-167.
5. Колесникова О.В. [Лингвокультурологическое описание фразеологизмов тематической группы «социальные действия человека»](#) // [Научный диалог](#). 2016. № 11 (59). С. 40-53.
6. Швелидзе Н.Б. [Русско-английские соответствия фразеологизмов тематической группы «нравственные \(моральные\) качества»](#) // [Вестник Пятигорского государственного лингвистического университета](#). 2017. № 1. С. 71-74.
7. Кальянезу Е.Г. [Определение роли фразеологических единиц с компонентом «еда» в](#)

- [системе фразеологических единиц английского языка](#) / Актуальные вопросы современности глазами молодых исследователей. материалы II Международной научно-практической конференции. Министерство образования и науки РФ; Сибирский государственный автомобильно-дорожный университет (СибАДИ). 2017. С. 106-109.
8. Брагина Е.В. [Система ценностных ориентиров и ее отражение в английских фразеологических единицах с компонентом «man»](#) / Актуальные проблемы романо-германской филологии и методики преподавания иностранного языка. Материалы научно-практической конференции. 2019. С. 64-66.
9. Фильчакова А.И., Тупикова С.Е. [Роль репрезентативной системы личности ученика в процессе обучения англоязычным фразеологизмам](#) / Современное культурно-образовательное пространство гуманитарных и социальных наук. Материалы VIII Международной научной конференции. Под общей редакцией Ю.Ю. Андреевой, И.Э. Рахимбаевой. 2020. С. 695-703.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ШЕТ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҮЙРЕТУ

Аңдатпа

Мақала фразеологиялық бірліктерді қолдану арқылы оқушылардың сөйлеуін дамыту мәселесіне арналған. Автор шет тілінің фразеологиялық жүйесін қалыптастыру қажеттілігін негіздейді. ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу фразеологиялық бірліктерді, кен фразеологиялық жүйені шет тілін оқыту практикасында қолдану арқылы оқушылардың сөйлеуін дамыту проблемасының өзектілігін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: Фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық жүйе.

TEACHING STUDENTS THE PHRASEOLOGICAL SYSTEM OF A FOREIGN LANGUAGE

Annotation

The article is devoted to the problem of speech development of schoolchildren through the use of phraseological units. The author substantiates the need for the formation of a phraseological system of a foreign language. the review of scientific and methodological literature proves the relevance of the problem of speech development of schoolchildren through the use of phraseological units in the practice of teaching a foreign language, more broadly, the phraseological system.

Keywords: phraseological units, phraseological unit, phraseological system.

МРНТИ 14.25.09

Ергаламова А Б.

Баишев Университеті, Қазақстан Республикасы

Arai10.01@mail.ru

ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Білім беру саласында қызмет ету үлкен еңбекті, төзімділікті, ұшқыр оймен, жылдық тәжірибені талап етеді. Олай дейтініміз, студентті білім нәрімен сусындатып, үйрету, былайша айтқанда фундаментін қалау, педагог алдындағы үлкен міндет. Ол үшін оқытушы қандай болмақ? Әлбетте, білімді, білікті де тәжірибелі, өзінің бар білгенін, оқығанын дұрыс

пайдалана білуі керек. Өмір бойы оқысаңда аздық етпейді, сол үшін педагогтерді дамыту, білімін шыңдау барысында жыл сайын арнайы біліктілік тренингтері, курстары өткізілуде. Білімдінің күні жарық демекші, педагогтарға арналған бірінғай тестілеу өткізіледі, яғни, университет бітіруші түлек білімін тексеру мақсатында тестті өз пәндік мамандығынан және жалпы педагогикадан тапсырып, тиісті баллды жинаған кезде ғана, педагог болып жұмысқа орналаса алады.

Негізгі сөздер: ақпараттық коммуникациялық құралдар, шетел тілі пәнін оқыту, білім беру саласы, интерактивті технологияларды қолдану, дәстүрлі оқыту, жылдар бойы жинақтаған тәжірибе, дидактикалық ойындар, әдіс тәсілдер, дөңгелек үстелдер, топпен оқыту, жеке оқыту, аудиториямен жұмыстану, тыңдата және бағындыра білу, экранға демонстрация жасау, тәжірибелі маман, біліктілік курстары, дыбыстар мен әріптер, аспект түрлері: фонетика, грамматика, аудирование, ауызша сөйлеу, мәтінмен жұмыс, ағылшынша сөйлейтін клубтар, лексиканы дамыту, педагогтерге арналған тексеру, студенттерді тексеру.

XXI ғасырда шетел тілін оқуға деген қызығушылық артуда, олай дейтініміз қазіргі өзім білім алып жатырған университет мекемесінде Шетел тілі:екі шет тілі мамандығында білім алып жатырған студенттер саны жетерлік, бакалаврды бітіріп, осы мамандықты жалғастырып магистратурада оқып жатырған магистрлердің саны да баршылық. Демек, президентіміз айтқандай, үш тұғырлы тілді меңгеруге деген қызығушылық артуда. Ол әрине қуантатындай жағдай, қарапайым өзіме келер болсам, бакалавр бітіріп тоқтап қалмай, әрі қарай білімімді шетел тілі филологиясында жалғастырып, бітірген сон университет қабырғасында жұмыс жасап, студенттерге бар оқып білгенімді үйреткім келеді.

Шет тілдерін оқытудың мақсаты – студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық меңгеруге үйрету. Ағылшын тілінде бірдей коммуникативтік құзыретті меңгеру, оқытылатын тілдің елінде болмау өте қиын мәселе. Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану – бұл мақсатқа жетудің ең оңтайлы жолы. Ағылшын тілі сабағында интерактивті құрылғыларды қолданудың негізгі мақсаттары:

- Тіл үйренуге деген ынтасын арттыру;
- Сөйлеу құзыреттілігін дамыту;
- Лингвистикалық білім көлемін арттыру;
- Оқытылатын тілдің елі туралы білімдерін кеңейту;
- Шет тілін өз бетінше меңгеру қабілетін дамыту.
- Практика және теория түрінді білімін шыңдау.

Техниканың дамыған заманында, ешбір көрнекіліксіз, технологиялық құралдарсыз білім беру жүйесін жүзеге асыру мүмкін емес. Қазіргі таңда барлық техника құралдарын білім беру саласында оңай қолдану үшін барлық жағдай жасалуда. Ол дегеніміз жыл сайын педагогтерге арналған біліктілікті арттыруға, дамуға арналған арнайы курстар жүргізілуде. Шетел тілін оқыту, мектепке дейінгі орталықтарда, бастауыш сыныптарда басталады. Ағылшын тілін меңгеру, әліппені оқып үйренгенмен бірдей. Демек, оқытушының білім алушыға үйрету әдіс-тәсілдері жоғарғы деңгейде, дәстүрлі емес болуы қажет. Шетел тілін интерактивті технологияларды қолданудың тиімді жақтары жетерлік: студенттердің топпен жұмыстануы, толық аудиторияны тыңдата білу, қызықтыру, бағындыру, қанық түсті суреттер тізбегімен презентациялар, диаграммалар мен кестелерді үлкен етіп көрсетіп, түсіндіру секілді пайдалы жақтары өте көп. Әсіресе, қашықтықтан оқыту кезінде интерактивті технологияларды қолдану, арнайы панельді ашып демонстрациямен слайдтар жасап, жеңіл түрде ұсына аламыз [2,92].

Жалпы, білім беру, үйрету үшін педагог білімді, білікті болуы қажет. Ол педагогтың білім санатының жоғары болуымен қатар, тәжірибелі маман, яғни, өзінің үйреніп, оқығанын студенттерге жеңіл әдістермен жеткізе, дарыта білуі қажет. Шетел тілін үйрету арнайы

аспекттермен деңгейлерге бөлінеді. Алдымен, фонетиканы оқыту, әріптермен дыбыстарды жетік меңгерту, студенттердің дұрыс оқып біліп, дауыс ырғағымен сөйлеуіне септігін тигізеді. Ағылшын тілінде дауысты дыбыстар мен біріккен дауыссыз дыбыстар әр сөзде түрлі дыбыс беріп, өзгеше оқылады. Ол үшін арнайы дауысты дыбыстардың екпін қойып оқылуы бар кестені интерактивті технологияны қолданып, мысалдар келтіре отырып, түсіндіру тәсілдері тиімді болмақ. Көптеген оқулықтардан кездестіріп жүргеніміздей, грамматиканы шақтармен бастап оқыту қиындық тудырады деп есептеймін. Жалпы, грамматиканы ең оңай деген тақырыптардан(артиклдер, зат есім және оның түрлері) бастаған оңайырақ. Грамматиканы бір сарынды теориямен түсіндіру, студенттердің тез жалығуына әкеледі. Интерактивті технологияларды қолдана отырып, слайд немесе арнайы кесте түрлерін, дидактикалық ойындарды қолдану барлық категориялармен жас ерекшелік деңгейлеріне тиімді [5,19].

Мәтінмен нәтижелі жұмыстануға арналған методикалық әдіс түрлеріне тоқтала өтсек: мәтіндегі лексикамен танысу, аудармасыз анықтамасын түсіндіру, мәтінді ана тілге аудару, түсінігін айту, сол тақырыпта өз мәтінін құрастыру үшін интерактивті технологияларды қолдана отырып, суреттерге сөйлеп құрып, өз мәтінін құру, анализ жасау болмақ.

Аудио және видео тыңдалым әдістері арқылы студенттерді қызықтыру мақсатында, шет ел өкілдерінің дауыс ырғағымен арнайы диалог, монолог, өлеңдер мен фильмдерді қосып, экраннан көрсетіп, тыңдатып, анализ жасап отыру қажет. Студенттерге дауыс ырғағын дұрыстау мақсатында шет тілінде субтиторсыз фильмдер мен видео-роликтер қарауға кеңес беріп, өздігінен кез келген тыңдаған тақырыпта диалог немесе монолог құрастыру, студенттердің ой-өрісінің дамуына әсер етеді [1,398].

Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында интерактивті құралдарды қолдана отырып, ағылшын клубтарын, дөңгелек үстел, дебат, олимпиада өткізудің маңызы зор. Екі топқа бөліп сабақты жарыс түрінде өткізу, алға талпынып, білімдерін шыңдауға көмектеседі. Қызығушылық болған жерде, білім беру үрдісі дамиды. Ол үшін педагогтың арнайы алдын ала жоспарланған әдіс тәсілдері болуы, тәжірибесін шыңдауға көмектеседі.

Электронды кітаптарды қолдану өте тиімді әрі тез. Бұрынғыдай кітапханаларды аралап оқулықтар, кітаптар, жинақтар, газеттер мен журналдар іздеп жүрген студенттер саны аз. Ғаламтордың көмегімен электронды кітаптарды жүктеп алуға болады. Тіпті, телефондағы арнайы қосымша программамен қалаған кітаптарды жүктеп алып, оқуға болады. Оған да ерінетін студенттер де жоқ емес. Ондай студенттерге арналған, аудиокітаптар да жетерлік. Тек құлаққап болса болғаны, қоғымдық орындарда, жұмыс жасап жүріпте тыңдай беруге болады [4,23].

Мультимедиялық бағдарламаның тағы бір түрі: интерактивті тақта мен проектор көмегімен студенттерге жеке-жеке түсіндіріп отырмай, барлығына бір презентация қосып, түсіндіріп, көрсетуге болады. Сонымен қатар, жобаларды, дипломдық жұмыстар мен курстық жұмыстарды қорғау кезінде, студент алдын ала видео-слайд дайындап, қорғауға көмекші тірек материал ретінде қолдана алады.

Қазіргі кезде техниканың көмегінсіз сабақты нәтижелі өткізіп, студентке жеткізу өте қиын. Сол үшінде біз бейне материалдардың көмегіне жүгінеміз. Сабақ қызықты болу өтуі үшін, өтетін тақырыпқа алдын ала бейне-роликтер, естіп тыңдауға арналған аудио-материалдар қосып, кері байланыс ретінде түсінген сұрап, сабақ соңында бағалау қажет. Заман талабына сәйкес, интернетті қолдану өте ыңғайлы әрі тез. Жоғарғы оқу орнында флпмьор көмегімен барлық оқу бағдарламасы жүзеге асыралады. Оған мысал ретінде платонус қосымшасы. Платонус ғаламтор көмегімен жүзеге асырылады. Оқытушы да, студентте арнайы өз атына аккаунт аштырып, онда күнделікті сабақта алған баллдар қойылады. Сессия кезінде тест жүктеледі, студентке өзіндік тапсырмалар жүктеледі. Студент ол тапсырмалардың барлығын, үйден компьютер көмегімен немесе телефон құрылғысымен орындай бере алады. Оқытушы туралы толық ақпарат платонусқа жүктеледі: дәрежесі,

жарияланылған мақаласы, біліктілік курстарын меңгерген сертификаттары барлығы жүктеледі. Сонымен қатар, ғаламтор көмегімен студенттердің білімін тексеру мақсатында тест тапсыратын арнайы сайттарға жүгінуге болады [3,58].

Сабақ соңында оқытушы барлық жетістіктерімен кемшіліктерімен жұмыстануы керек. Сабақ нәтижелі өтсе, келесіде одан жақсы қызықты етіп, өтуәне тырысуы қажет. Орын алған кемшіліктерменде тағы да жұмыстануы керек. Студенттер жалығып кетпейтіндей дәрежеде болуы шарт. Сол үшінде оқытушыларға барлық жағдай жасалуда. Арнайы лингафон кабинеттері, ғаламторға шексіз қосылу шарттары, интерактивті тақта, электронды тақта, компьютер, мультимедия(видео және аудио қондырғылары, электронды оқулар) секілді құрылғылар қолжетімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Педагогика тарихы (Білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық ҚазМемҚызПУ – Алматы, 2019. – 398 б.
2. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: 2015. - 92 б.
3. Қалымбетова Э.К. Еңбек психологиясы: Оқу құралы Алматы: Қазақ университет, 2018 – 58б.
4. Зимняя И.А. Педагогикалық психология:/ Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. М.: Логос; Алматы: TST-company, 2015. – 68 б. 42; 23 б
5. Қ.М. Нағымжанова. Оқыту технологияларын таңдау және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті. Ж.К. Аубакирова, - 19б.

МЕТОДЫ ОЦЕНИВАНИЯ УСПЕВАЕМОСТИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

Деятельность в сфере образования требует большого труда, выносливости, сообразительности, годового опыта. Как мы говорим, что обучать, воспитывать и обучать студента, так сказать, закладывать фундамент, это большая задача перед педагогом. Каким будет для этого преподаватель? Очевидно, что он должен быть образованным, квалифицированным и опытным, уметь правильно использовать то, что он знает, что он читает. При обучении на протяжении всей жизни ежегодно проводятся специальные квалификационные тренинги, курсы по развитию педагогов, повышению их знаний. Проводится единое тестирование для педагогов, т. е. выпускник университета может трудоустроиться педагогом только при сдаче теста по своей предметной специальности и по общей педагогике, набрав соответствующий балл с целью проверки знаний.

Основные слова: преподавание иностранного языка, область образования, использование интерактивных технологий, традиционное обучение, накопленный за годы опыт, дидактические игры, методы, круглые столы, групповое обучение, индивидуальное обучение, работа с аудиторией, умение слушать и подчинять, демонстрация на экране, опытный специалист, квалификационные курсы, звуки и буквы, виды аспектов: фонетика, грамматика, аудирование, устная речь, работа с текстом, англоязычные клубы, развитие лексики, проверка для педагогов, проверка студентов.

METHODS OF ASSESSING THE PROGRESS OF STUDENTS IN THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE EDUCATION USING INTERACTIVE TECHNOLOGIES

Annotation

Activities in the field of education require a lot of work, endurance, ingenuity, and a year's experience. As we say, teaching, educating and educating a student, so to speak, laying the

foundation, is a big task for a teacher. What will the teacher be like for this? Obviously, he must be educated, qualified and experienced, be able to use correctly what he knows, what he reads. During lifelong learning, special qualification trainings, courses on the development of teachers, improving their knowledge are held annually. A unified test is conducted for teachers, i.e. a university graduate can find a job as a teacher only when passing a test in his subject specialty and in general pedagogy, having scored an appropriate score in order to test knowledge.

Main words: teaching a foreign language, the field of education, using of interactive technologies, traditional training, experience gained over the years, didactic games, methods, round tables, group training, individual training, working with the audience, the ability to listen and obey, demonstration on the screen, an experienced specialist, qualification courses, sounds and letters, types of aspects: phonetics, grammar, listening, oral speech, working with text, English-speaking clubs, vocabulary development, checking for teachers, checking of students.

МРНТИ 14.07.09

Менбаев Е.Н.

Баишев Университеті, Қазақстан Республикасы

zhantikmenbaev@gmail.com

ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ОҚИТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ОҚУ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Мақала шетел тіліне үйрену барысында қолданылатын жобалау технологияларының әлеуетін ашуға арналған. Жобалау технологиялары шетел тіліне оқытудың дидактикалық құралы қызметін атқарушы болып табылады. Бұл технологиялар оқушылардың белсенді ойлау қызметін арттыруға бағыттала отырып, оларды ресімдеу үшін белгілі бір тілдік құралдарды меңгеруді талап етеді, оқушыларға өз қызметін жоспарлауда, ұйымдастыруда және бақылауда дербестік танытуға мүмкіндік береді. Жобалау технологиялары тұлғаға бағытталған білім беруді қамтамасыз етеді, шетел тіліндегі құралдар арқылы өмір сүру тәжірибесін уақытша ақпараттық кеңістікте зерттеуге мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: жобалау технологиялары, шетел тілі, әлеует, жобалау қызметі, жоба әдісі.

Шетел тілдеріне оқытудағы басты мақсат - коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыру, ол тек шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге баспа түріндегі, дыбыстық әр түрлі тасымалдағыштар арқылы берілетін ақпаратпен жұмыс істей білуді, яғни сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін меңгеруді көздейді. Демек, бұл жерде оқушылардың білімді игеруін жеңілдететін және жеделдететін, олардың игеру үрдісін арттыратын, оқушыларға оқу материалымен және ақпаратпен өзіндік жұмыс жасау әдістерін үйрететін, олардың ақпараттық және коммуникативті құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін оқушылардың оқу мазмұны мен танымдық іс-әрекетін белгілі бір деңгейде ұйымдастыру туралы сөз болып отыр. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаттарын іске асыру үшін әлемдік педагогика тұлғаға бағытталған тәсілді басты бағдар етіп алды. Ынтымақтастықта оқыту, пікірталастар, проблемалық бағыттағы рөлдік ойындар сияқты әдістермен қатар, жобалау әдісі педагогикадағы гуманистік бағыт қағидаттарына негізделген тұлғаға бағытталған тәсілдің негізгі қағидаттарын барынша толық көрсетеді [1].

Жобалау әдістемесі тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру мен оқытуды қамтамасыз етеді, сол себепті іс жүзінде басқа да заманауи технологияларды, мәселен, ынтымақтастықта оқытуды қамтиды [2, 5-бет]. Бұл өз кезегінде, еркін ойлай алады, қиял, шығармашылықты, жай есте сақтау ғана емес, игерген білімді іс жүзінде қолдануды арттырып, іс-әрекеттерді өз

бетінше жоспарлау, тапсырмаларды шешудің ықтимал нұсқаларын болжау, оларды жүзеге асырудың тәсілдері мен құралдарын таңдау қабілетін дамытады. Сонымен бірге, оқушылар өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін, бұғып жатқан талантын ашуға мүмкіндік алады.

Бұл әдісті жаңа әлеуметтік-мәдени қырынан түсіну және қолдану, әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңіндегі білімге қойылатын талаптар тұрғысынан, мектеп жобасын жаңа бір педагогикалық технология ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ал бұл өскелең ұрпақты оқытуда тұлғаға бағытталған тәсілдің міндеттерін тиімді шешуге оң ықпал етеді.

Жеке өзіндік жобалармен жұмыс істеу білім берудің қазіргі тенденциясын – зерттеу, ізденіс моделіне бағдарлануды білдіреді [3, 17-19 беттер]. Жобада бірлесіп жұмыс істей отырып, оқушылар «командада» жұмыс істеуге, өз жұмысын жауапкершілікпен орындауға, өз еңбегін және өзгелердің де еңбегін бағалауды үйренеді [4, 6-бет]. Шағын, бірақ біртұтастықта мәселені шеше алу тәжірибесі жарты жолда тоқтап қалмай, бастаған істі соңына дейін жеткізу әдетін қалыптастырады. Ол шетел тіліне оқытудың заманауи әдістемесінде жетекші қызмет атқаратын коммуникативті және тұлғаға бағытталған тәсілдерді анықтап берді.

Бүгінгі таңда жобалау әдісі әлемдегі ең танымал әдістердің қатарына жатады, өйткені осы жобалау әдісі теориялық игерілген білімді оқушылардың бірлескен іс-әрекет кезінде қоршаған әлемнің нақты мәселелерін шешу үшін іс жүзінде қолдануын ұтымды үйлестіреді. Қазіргі таңда бұл технология шетел тілдерін оқыту үрдісінде кеңінен таралуда.

Әрбір оқушының белсенділігін арттырып, оқу үрдісінде олардың шығармашылық қабілеттерін ашу үшін жағдай жасау - мұғалімнің міндеті болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану оқу үрдісін жандандырып, түрлендіріп қана қоймайды, сонымен қатар білім беру аясын кеңейтеді, соның барысында үлкен мотивациялық сипатқа ие болып, оқытудың даралау қағидатына оң ықпалын тигізеді. Жобалау қызметі кезінде білім алушылар автор, яғни жасаушы рөлінде әрекет ету мүмкіндігіне ие бола алады, шығармашылық әлеуетін арттырып, жалпы ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, тілдік білімдерін де көтере алады.

Жобалау іс-әрекеті білім алушыларда өзін-өзі көрсетудегі еркіндігін, дербестігін қалыптастырып, дамытады, өйткені топтық бірлескен іс-әрекет барысында олар, ең алдымен, өз пікірлерін айтуға, басқаларды естуге, жанжалдаспауға үйренеді, егер өз пікірі жолдасының пікірімен сәйкес келмесе, келісімге келуді, не істеу керек және қалай істеу керектігі туралы ортақ пікірге келуді үйренеді [5, 19-21 беттер].

Сонымен, жоба әдісінің танымалдыққа ие болуының негізгі себебі, оның дидактикалық сипатымен байланысты келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіндігіне қатысты болып келеді:

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,
- дағдыларын дамыту (өзіндік білімдерін өз бетінше құру және оларды танымдық және практикалық мәселелерді шешу үшін қолдану, ақпараттық кеңістікте бағдарлана алу, алынған ақпаратты талдау, өйткені танымдық, эксперименттік немесе қолданбалы, шығармашылық қызметтің әртүрлі сәттерінде оқушылар аталған барлық зияткерлік дағдылар мен қабілеттердің жиынтығын пайдаланады).

Шетел тілі сабағына қатысты қолданылатын жоба дегеніміз – бұл мұғалім арнайы ұйымдастырған және оқушылар өз бетінше орындай алатын, нәтижесінде шығармашылық өнімге қол жеткізілетін әрекеттер жиынтығы. Оны орындау барысында оқушылардың өз бетінше білім алуға, танымдық және оқу іс-әрекетінде тәжірибе алуға үйренуі - жобаның құндылығын көрсетеді.

Жобалау әдістемесіне жоғары коммуникативтілік тән және ол оқушылардың өз пікірлерін, сезімдерін білдіруді, нақты іс-әрекетке белсенді қатысуды, оқуда алға жылжу үшін жеке жауапкершілікті қабылдауын қамтиды.

Мектеп практикасына жобалау әдісін енгізу төменде келтірілген негізгі мақсаттарға ие:

1. Жеке оқушының немесе оқушылар тобының мектепте игерген зерттеу тәжірибесін пайдалану дағдыларын көрсету.

2. Зерттеу тақырыбына деген қызығушылығын жүзеге асыру, ол туралы білімді арттыру.

3. Шетел тілін оқыту деңгейін көрсету.

4. Білім алу, даму және әлеуметтік жетілудің жоғары деңгейіне көтерілу.

Жобалау әдістемесінің айрықша ерекшелігі-ұйымдастыру формасының ерекшелігінде.

Жоба бойынша жұмысты ұйымдастыру барысында бірнеше маңызды шарттарды сақтау қажет:

- Тақырыптың оқытылатын тілдің елімен де, тұрғылықты елмен де байланысты болуы, оқушылардың әртүрлі елдердің тарихы мен өміріндегі оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді салыстыруға және таразылауға бағытталуы.

- Оқушыларға ұсынылатын мәселе оқушыларды бір бірімен байланысты болып келетін білім салаларынан және әртүрлі ақпарат көздерінен фактілерді алуға бағытталуы.

- Әр тапсырманы ұсынарда, тілдік дайындық деңгейін ескере отырып, сыныптағы барлық оқушыларды жұмысқа қатыстыру қажеттігі.

Ал, қиындық дегеніміз, оқушылардың жаңа нәтижеге және оған жетудің жаңа тәсілдерімен сипатталатын тапсырмаларды орындау үшін тілді қолдануы. Мәселелер ойлауды тудырады, ал жасөспірім ойлау, саралау арқылы үйренеді. Мәселелерді шешуге бағытталған коммуникативті тапсырмалар мен жобалау жұмыстарының ауқымы кең.

Мағынаны жеткізу құралдарының алуан түрлілігі балаларды еркін шығармашылықпен жұмыс жасауға жетелейді. Бұл қарапайым әдістемелік олжа - тілдік элемент аз ұсынылған жобалық тапсырмаларды құрудың кілті болып табылады. Сонымен қатар, жобалау жұмысы аздаған тілдік материалға сүйене отырып, шетел тілін коммуникативті оқытудың ерекше мүмкіндіктеріне ие бола алады [6].

Жобалау жұмысы арқылы шетел тілін меңгеру оқушыларға білімді игерудің, жаңа мәдениетке енудің шынайы қуанышын сыйлайды. Ауызша және жазбаша түрде ұсынылатын жобалық жұмысты орындау кезінде, төмендегі ұсыныстарды ұстану қажет:

- Біріншіден, жобалау жұмысы оқушылардың өз ойын білдіруіне мүмкіндік беретіндіктен, оқушылардың сөздерін, ойларын тым бақылап, реттеп отыру қажет емес, олардың еркіндігін көтермелеу маңызды.

- Екіншіден, жобалардың көпшілігін оқушылар жекелей де орындай алады, бірақ оны топтарда бірігіп орындау барысында, жобада шығармашылық нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі молдау болады. Бұл әсіресе коллаждарға арналған суреттерді таңдағанда немесе басқа да осындай жұмыстарда орындау кезінде маңызды рөл атқарады. Кейбір жобалар үйде өз бетінше жасалады, кейбір жобалау тапсырмаларына сабақтың бір бөлігі, ал кейбіріне сабақ түгелдей жұмсалады, сондықтан сыныпта ескі журнал, қайшы, желімді ұстаған жөн.

Бұл қадамда жаңа, қосымша ақпаратты табу, оны талқылау және оны құжаттастыру, жобаны жүзеге асырудың жолдарын таңдау (суреттер, колөнер, плакаттар, сызбалар, викториналар және т.б. болуы мүмкін) секілді жұмыстар жасалады. Кейбір жобаларды үйде өз бетінше жасауға болады, кейбіріне мұғалімнің көмегі қажет, яғни сыныпта өткізіледі. Бұл жердегі басты нәрсе - балалардың бастамасын басып тастамау, кез-келген идеяға құрметпен қарау, жағымды жағдай жасау.

4. Жобаның тұсаукесері.

Барлық дайындаған, безендірген материалдарды сыныптастарына таныстыру қажет, сол арқылы өзінің жобасын қорғап шығуы керек. Ұсынылған оқыту әдістемесін талдау үшін жобаны орындау және ұсыну әдістері маңызды. Сондай-ақ, оқушылардың тек жобаларға арналған арнайы дәптері болғаны жөн. Жобаларды жеке парақтарда орындап, көрме, монтаж жасау үшін біріктіруге болады. Топтар бір-бірімен бәсекелестікке түсе алады.

5. Жобалау жұмысының қорытындысын шығару.

Жобаның идеясын қабылдаудан бастап, оны ұсынуға дейінгі қадамдар саны оның күрделілігімен байланысты болып келеді. Мектеп оқушыларының жобалау іс – әрекеті әдетте қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Жобалау қызметінің түпкілікті нәтижесінің сипаты бойынша шетел тілін оқыту саласындағы жобалардың келесі түрлерін ажыратуға болады [7]:

- Сындарлы және практикалық жобалар, мысалы, бақылау күнделігі, ойын құру және оны сипаттау.

- Ойын-рөлдік жобалар, мысалы, мектепте сабақ үзінділерін ойнау (ауызша сөйлеу практикасы, грамматика, фонетика бағдарламалары), пьесаны драматизациялау (ауызша сөйлеу практикасы бағдарламалары, оқытылатын тіл елінің балалар әдебиеті).

- Ақпараттық-зерттеу жобалары, мысалы, «Кез-келген елдің аймағын зерттеу», «Зерттелетін тілдің еліне арналған нұсқаулық».

- Сценарий жобалары-мектепке немесе жеке сыныпқа арналған сыныптан тыс іс-шараның сценарийі.

- Шығармашылық жұмыстар-еркін әдеби шығарма, шығарманың ана тіліне әдеби аудармасы.

- Баспа жобалары – қабырға газеттері, стендтерге арналған материалдар.

Жобаларды орындау кезінде оқушылардың белсенділігі артады: олардан презентация, видео жасау, жазу, кесу, желімдеу жұмыстарын орындау, анықтамалықтармен, интернеттен алынған материалдармен жұмыс істеу, басқа адамдармен сөйлесу, фотосуреттер мен сызбаларды іздестіру, тіпті өз бетінше аудиожазбалар жасау қажет болады. Соңында, әртүрлі тілдік дайындық деңгейлеріне ие білім алушылар өз мүмкіндіктеріне сәйкес жобалық жұмыстарға қатыса алады. Мысалы, білім алушы ағылшын тілін жетік білмесе де, Интернет – ресурстарды шебер қолдана алуы және жақсы сурет сала алуы мүмкін.

Осылайша, білім беруге қойылатын негізгі міндет - қоршаған өмірді зерттеудің өзекті мәселелері болып табылады. Мұғалім мен оқушылар жобалау жұмыстарында қатар жүріп отырады. Оқушылар жобаны орындау кезінде барынша ынта-жігерін салып, жаны қалап қатысуы тиіс. Жеке немесе топта, мұғалімнің немесе басқа адамдардың қолдауымен орындалатын кез-келген іс-әрекетті балалар өз бетінше жоспарлауы, орындауы, талдауы және бағалай алуы керек. Басқаларға өздері және қоршаған әлем туралы ағылшын тілінде айту арқылы білім алушылар ағылшын тілінің халықаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі құндылығын аша түседі. Олар шетелдіктерге өз отбасын немесе қаласын сипаттап айту қажет болатын жағдайға тап болуы мүмкін және жобалық жұмыс оларды осыған дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е.С. Полат [и др.]; под общ. ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 1999. – 224 с.
2. Полат Е. С. Обучение в сотрудничестве // Иностранные языки в школе. – 2000. – №1. – С. 4–11.
3. Полат Е. С. Метод проектов на уроках английского языка // Иностранные языки в школе. – 2000. – № 2, 3. – С.17–19.
4. Копылова В. В. Методика проектной работы на уроках английского языка. – Москва, 2003.
5. Мартынова Т. М. Использование проектных заданий на уроках английского языка // Иностранные языки в школе. – 1999. – № 4. – С. 19–21.
6. Барменкова О. И. О работе над проектом // Иностранные языки в школе. – 1997. – № 3. – С. 25–27.
7. Гульчевская В. Г. Современные педагогические технологии / В.Г. Гульчевская, Н.Е. Гульчевская. – Ростов-на-Дону, 1999.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ДИЗАЙН-ТЕХНОЛОГИЙ КАК ДИДАКТИЧЕСКОГО СРЕДСТВА ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

Статья посвящена раскрытию потенциала проектных технологий при изучении иностранного языка. Проектные технологии выступают дидактическим средством обучения иностранному языку. Данные технологии направлены на активную мыслительную деятельность учащихся и требуют для своего оформления владения определенными языковыми средствами, дают возможность учащимся проявлять самостоятельность в планировании, организации и контроле своей деятельности. Проектные технологии обеспечивают личностно-ориентированное воспитание, дают возможность изучать практику жизни средствами иностранного языка в реальном информационном пространстве.

Ключевые слова: проектные технологии, иностранный язык, потенциал, проектная деятельность, метод проектов.

THE EDUCATIONAL POTENTIAL OF DESIGN TECHNOLOGY AS A DIDACTIC TOOL FOR TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Annotation

The article is devoted to unlocking the potential of project technologies in the study of a foreign language. Project technologies act as a didactic means of teaching a foreign language. These technologies are aimed at the active mental activity of students and require knowledge of certain language means for their registration, enable students to show independence in planning, organizing and controlling their activities. Project technologies provide personality-oriented education, make it possible to study the practice of life by means of a foreign language in a real information space.

Key words: design technologies, foreign language, potential, project activity, project method.

МРНТИ 16.31.51

Е.Н. Пилипенко¹, А. Қонақбай²

¹²Баишев университеті, Қазақстан Республикасы

e_pilipenko@bu.edu.kz

CHARACTERISTICS OF A TRANSLATOR FUNCTIONAL COMPETENCIES' TYPES IN MODERN CONDITIONS

Annotation

